



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Байменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*







## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

### Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

### Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## КӨРГЕН-БАҚҚАН

Шөп буыны қатып, құс балапаны түбітін тараған шақ.

Қызыл қанат шегіртке секірсе, семіздікті көтере алмай, аттам жерге бір қонып қалыпты.

Таздың тақиясындай жетім бұлт ертеңгілік қоңыржай самалмен біраз тайрандап баққан.

Тырмысып күн төбеге жеткенде ірге бойлап көкжиекке қашты. Тамыз түссе де шілдеден қалған аптаптың қоламта табы басылар емес.

Көлік күтіп ауыл жанындағы айдау жолға шыққан Мыңжылқының көлеңке басы кішірейіп, ақыры аяғының астында қалды.

Үйінен сәскеде сылаңқоразданып-ақ шығып еді, ыстық ұрды ма, шекесі тырысып, аузы кермек татыды.

Қоңырқай жүзі қабарып, мойнын ырғай созғанымен шаңымен жарысып келе қояр көліктің жоқтығы күдер үздірді.

Ерегіскенде екі сағатта ентелеп жетіп барайын ба деп бәтіңкесіне қараған, ат шаптырым жердегі

## КОРОТАЯ ПУТЬ

Время укрепления корней трав, сбрасывания птенцами пухового покрова.

Краснокрылый кузнечик, подпрыгнув, но, не справившись со своим весом и не пролетев даже расстояния людского шага, сел и затих.

Сиротливое облако, слегка подгоняемое ранним утренним бризом и похожее на тибетейку плешивого, приостановившись после свободного парения, замерло. Когда солнце с трудом выкарабкалось на вершину небосклона, облако, скользая, скрылось за горизонтом.

Тень от головы Мынжылкы, вышедшего на проезжую дорогу для ожидания попутного транспорта, уменьшаясь, осталась, в конце концов, под ногами.

Вышел из дома еще ранним утром, щеголяя, как петух, похоже, солнце припекло, – голова накалилась, во рту отдавало кислотой.

Смуглое лицо его вспухло, как бы ни смотрел вдаль, вытянув тонкую шею, – транспорта, соревнующегося со своей пылью, не было, что вызывало в нем отчаяние.

- Дойти что ли назло за два часа, – подумал он, глядя на свои ботинки. Районный центр, отстоя-

аудан орталығы сағыммен қыдырып көшіп, көрер көзге алыстап кеткендей әрі-сәрі күй кешірді.

Арбаға торы атын жегіп, дестелеп шөп тиеген Зайырлы қарт айдау жолды кесіп өтіп бара жатты. Май сағынған дөңгелектің сұрамсақ шиқылы қаперіне кірер емес, қара қалпағы көзіне түсіп, шөп үстінде қалғып отыр.

Қыстың қамы ғой, шау тартса да отырғызбай жүрген деп соңына іздік қана ұлпа шаң көтеріп өткен арбаны қозы көш жерге дейін үнсіз ұзатып салды. Дауыс көтеріп сәлемдескісі келген, қалғып отырған қаңбақ шал қапелімде жалп етіп құлап түсе ме деп бой тартты.

Алаңғасарланып тұрып андамапты, екі жаяу айдау жолмен бір-бірін қуалап өзіне тас лақтырым жерге келіп қалыпты. Еңтіге басқан екеуге көз тоқтатты да, селк ете түсті.

Пері көшетін қызыл іңір емес, әлем-жәлем боп айдан түскендей мына қатыны кім? Төбесінде шаңырақтай боп шатыр келеді.

Қызылды-жасылды ұсақ гүлді ұзын көйлектің етегін теуіп екпіндете басады. Бізәкше төплиін нық қадағанымен, тобығы түскір сыртқа теуіп, бәйгеге көп шапқан аттың артқы аяғындай қоғамдалып тұр.

– Қайным, бармысың? – деді мұның жанына жете бере. Үні сыбызғының сағадағы даусындай ашқылтым екен.

– Тұрысың қандай жақсы, қазықтай қадалып?!- Шаңырақтай қолшатырын шалқайтқан, көргені – қызылшырайлы, бет терісі жұқа, ал құйрығы сандықтай қалың екен.

Көзі... шақпақ тастай жылтыл қағады. Жаныңды баурап, жанып-өшеді. Қапелімде тілі кәлимаға келмей, бас изеп қана мезіреті танытты.

– Әй, шал, – деді сосын сыбызғы дауыс ес жиғызбай. – «Өлмегенге – өлі балық» деген. Бас аяғыңды!



щий на расстоянии бега лошади до взмыливания, словно мираж, удалившись от взора, плыл в глазах, то, появляясь, то исчезая.

Старец Зайырлы, запрягший гнедого коня в телегу, которая была нагружена скошенным сеном, пересекал дорогу. Жалобный скрип колес телеги, соскучившихся по смазке, совершенно не беспокоил его, нахлобучив на глаза черную шляпу, дремал на сене.

«Подготовка к зиме не дает ему покоя», – подумал он, провожая глазами проезжающую арбу, поднимающую за собой пушистую пыль, пока она не скрылась из виду. Хотел, было громко поздороваться, но пресек себя, подумав, что от неожиданности тщедушный старец мог грохнуться с воза.

Стоя рассеянно, не заметил как двое пешеходов, идя друг за другом вдоль трассы, подошли к нему на расстояние броска камня. Бросив взгляд на тяжело дышащих двоих, вздрогнул.

Вроде бы не багряный закат, чтобы появились ведьмы, но кто эта разноцветная женщина, словно упавшая с луны? Над ней, словно кров юрты, возвышался зонтик.

Идет, спеша и поддевая ногой свое длинное пестрое платье из мелких цветочков. Хотя и вонзает уверенно шпильки своих туфелек в землю, но лодыжки ее ног выдаются наружу, словно задние ноги лошади много раз принимавшей участие на скачках.

- Привет, шурин, – поздоровалась с ним, подойдя поближе. Голос был почти писклявым, как самые высокие звуки свирели.

- Какая красивая у тебя стойка, как воткнутый кол. Откинула назад свой зонт, увидел ее тонкую кожу лица и внушительные, словно сундук, ягодицы.

Глаза высекали искры, словно огниво. Завлекая душу, то вспыхивают, то гаснут. Не сумев повернуть языком сразу, дал знать свое расположение лишь кивком головы.

- Эй, старик, – просвистел звук свирели, не дав опомниться. – Тому, кто не околел, говорят, достается дохлая рыба. Ступай быстрее!



Томаршадай шал ақ бу атып кеп қатар түзеді. Аман-саулық қысқа қайырылды.

– Жол болсын, балам, – деді екі беті бұлтиып, иегіндегі үркек торғайдай жабысып тұрған шоқша сақалы селтендеп.

– Қанішкенге шығып ем...

– Жеткізбей қойды. Әдірем қалғыр, – деді келіншек сағыммен қыдырып көшіп, көрер көзге алыстап кеткен аудан орталығына қарап. – Төрт дөңгелегің төбеңде ойнағыр, машинаға да тыйым болды.

– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір! – деді шал менірейіп. – Сыбырласаң ғана естиді бұл, – деді келіншек шатырды әуелете түсіп.

– Қатты айтса жаңғырып кетеді, – деп шал жөндемге енді келді. – Үзеңгі жолдас боламыз ба, балам? Таяғын жерге тық-тық қадайды.

Шеткі үйден Нағима қолына құман ұстап шығып, көйлегінің етегін көпсітіп түзге отыра кетті.

Отырып жатып сараң гүлдеген ақтікеннің ар жағынан бұларды сығалайды кеп. Таң намазына жығылып жатқан көрші шалды ту сыртынан «Қайнаға, сәлем бердік!» деп айғайлап қап етпетінен түсірген алаңғасарлау неме ақтікеннің ар жағынан да қарап жатпады:

– Сыған қаптап кеткен бе? Қаңғымаса басы ауырады-ау бұлардың! Апыл-ғұпыл тұрып, құманы мен дамбал бауын қолына бүріп ұстап, тездетіп қора айналып кетті.

Нәті бөлек екеудің сырт болмысын қызықтап тұрған Мыңжылқының өкшесі көтеріле берді:

– Жүрдік, ақсақал!

Шаңырақтай шатыр сытылып алға түсті.

– «Әңгіме жол қысқартады» деген...

Запарившись, подошёл старик, похожий на поле-но. Поздоровались коротко.

- Счастливого пути, сын мой, – сказал, надув обе щеки. Пучок бороды на подбородке вздрагивал, словно пугливый воробей.

- Собрался в Ганюшкино...

- Не добратья, – ворчала моложавая женщина, глядя в сторону районного центра, который, удалившись от взора, то появлялся, то исчезал, словно мираж. – Ни одна машина не появляется, пропади ты пропадом, чтоб четыре колеса твоих крутились наверху.

- Да, слава Аллаху, хоть это-то хорошо знаешь, – сказал устало старик. Слышит только тогда, когда шепчешь, – объяснила женщина, покрутив зонтик.

- От громкого голоса в ушах звенит, – молвил старик, приходя в себя. – Будем попутчиками, наверно, сын мой, со стуком потыкал землю тростью.

Взяв в руки кувшин, из дома, стоящего на краю села, вышла Нагима и, подобрав подол платья, села справить нужду.

Сидя, она разглядывала их сквозь редкие кусты колючки. Эта полоумная девка, вынудившая когда-то старика-соседа, читавшего утреннюю молитву, упасть от неожиданности навзничь, громко крикнув: «Здравствуйте, дядя», и на этот раз не сдержалась, выкрикнув из-за кустов:

- Цыганы понаехали, да? У них, наверное, непорядок в головах, если не бродяжничают. Встав с шумом и треском, ухвативши в руки кувшин и завязку штанов, быстренько завернула за скотный двор.

От нетерпения каблуки туфель Мынжалкы, с интересом рассматривавшего внешний вид этих двоих чужаков, стали часто приподниматься.

- Пойдемте, ақсақал.

Зонтик-шатер, раскачиваясь, поплыл впереди.

- Беседа сокращает путь, говорят.





– Ә, оның дұрыс, балам, – деп шал басындағы жиегі ақжемделген зерлі тақиясын бір қозғап қойды.  
– Әңгіме көп. Тек қай тұстан бастасам екен?

– Еркіңіз білсін.

– Ендеше жақыннан көрейін, – деді даусын көтеріп.

– Кемпір ала қоятын ойым жоқ еді...

Шатыр бір аунап түсті.

– Кеміріліп қалғыр... Келіншек де. Жұрттың мендей қызы әлі күнге оң босағада ойқастап отыр.

– Жалғыз ұлым бар. Жас кезінде екі беті бұлтиып тұратын. Жігіттің сұлтаны еді. Қайтейін?! Келінді қаладан түсіріп, сол ауыздық бермей алып кетті. Хабар-ошарсыз. – Таяғына күш түсіріп емпеңдей басады. –

Шешесі өлген соң қызым да көп отырып жарымады. Қиякелді біреудің етегінен ұстаған. Түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ ішкіш екен.

Ащы суды ұрттаса бітті, айналасын бездіріп тынады. «Қолыма алам. Әкемдей көрем. Давай, үйінді бер» деп тобадан тоба қоймаған.

Құлқыны мәлім. Шалқақтап көнбей қойдым. Балағынан бала төгіліп жүріп қызым шығандап қайда барсын? Отыр.

Сөйтіп сегіз бөлмелі үйде қуарып жалғыз қалдым...

Қапелімде кемпір ала қоятын ойым жоқ еді, – деді боз бешпентінің өңіріндегі жалғыз медалі қалтылдап.

– Көктем жылт етіп құс келген әзірде Бозан бетке құда шақырысқа барғам. Дәм айдаған шығар, дастарқан басында табыстық. Жалғызілікті екен...

– Қалыңдық ойнап олжалы келе жатқан бетім десеңізші.

- Э, здесь ты прав, сын мой, – сказал старик, поправив на голове узорчатую тюбетейку, окаймленную белым. – Тем много, только с какой начинать-то?

- Сами знаете.

- Тогда начну с ближней, – сказал, повысив голос.

– Не думал брать в жены новую старуху...

Шатер всколыхнулся:

- Какая я тебе старуха? Моложавая женщина. Многие мои ровесницы до сих пор сидят дома девушками на выданье.

- Единственный сын у меня. В молодости был красавцем. Султаном джигитов. Что делать-то. Взял в жены горожанку, та, не дав ему воли, забрала с собой. Ни слуху, ни духу. - Напирая на трость, пошел быстрее.

После смерти матери и дочь долго не засиделась. Ухватила за первого встречного. Зять оказался бездельником и пьяницей.

Как только напьется этой горькой водицы, отнимает покой у всех окружающих. «Возьму к себе. Буду уважать как отца. Давай, отдай дом», – твердит он, не переставая уговаривать.

Его замыслы понятны. Заупрямившись, этим мольбам не поддался. Рассыпав детей из-под подола, куда могла деться моя дочь. Сидит.

Таким образом, в доме из восьми комнат я остался один-одинешенек...

И не предполагал жениться, вот так неожиданно, – рассказывал он, раскачивая единственную медаль на своем сером пиджаке.

– Этой весной, когда прилетели птицы, поехал в сторону Бозана к родственникам в гости. Наверное, так было суждено, познакомились за столом. Была одинока.

- Скажите лучше, повезло мне с любовными играми и с добычей тоже.





Шалдың иегіндегі үркек торғай ұшып-қонып әрең байыздады.

– Өйдөйт де. Төрінде жаттым. Бір шүмектен су, бір шүмектен от ағып тұр. Жанның рахаты.

– Қақсамай жүр енді... Бәрі сенің арқаң. Сыбызғының сағасындағы ашқылтым үн баяулап барып бітті.

– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір!

Алла мен келіншектің арасында қандай байланыс барын біле алмаған Мыңжылқы есесіне мына құбылып қалған дауыстың сырын түсінгендей еді.

Қызақай сауысқан қанатын төсеп айдау жолды әрі-бері кесіп өтіп шықылықтағанымен, сыңар табылмай діңкелеп кетті.

Жолдың жартысын жеп, өрмек жүзі ауғанда барып келіншек кейінге мойын бұрды:

– Кел, қайным, қолшатырдың көлеңкесін бөліс!

Шалға жалтақтаған. Беті бұрынғысындай бұлтиғанымен, аяғы шатыса бастапты. Келіншектің сылт желісі шыдата ма, иненің жасуындай танауы шуылдап болдырған сыңайлы.

– Бар, бар! Шаштарың жалбырағанмен, сендерде қайбір төбе бар? И-и, осы күнгі жастар...

Шаңырақтай шатырдан пана тапқасын аңдады. Жасы мүлдем айырғысыз екен. Бет терісі ғана жұқа, ал қалың құйрық бізөкше төпліді қадап басқан сайын секемшіл аттың сауырындай дір-дір етеді.

– Қанішкенде үй қымбат па? Келіншектің көзі шақпақ тастай жылтыл қағады. Жаныңды баурап, жанып-өшеді.

– Солай шығар...



Пугливый воробушек на подбородке старика, взлетая и опускаясь, еле успокоился.

- Не говори. Лежал на ложе, как султан. Из одной горловины течет холодная вода, из другой – огонь. Души благодать!

- Иди и не тараторь... Сам заслужил, однако, – тонкий звук свирели, затихая, угас.

- Да, слава Аллаху, хорошо, что хоть этим довольна.

Мынжылқы, не поняв, какая же связь существует между Аллахом и этой женщиной, вместо этого, кажется, догадался о тайне осекшегося голоса.

Сорока-самка, расстилая свои крылья и переходя дорогу из одной стороны в другую, но, так и не встретив своего напарника, расстроившись, ушла восвояси.

Уже пройдя половину пути, женщина, обернувшись и обращаясь к нему сквозь вуаль, сказала:

– Идем, шурин, раздели со мной тень от зонта.

Посмотрел на старика. Хотя щеки его по-прежнему и румянились, ноги стали уже ковылять. Разве мог вытерпеть он быструю рысь молодой женщины, – ноздри его с ушко иголки, пыхтя, кажется, уже стали сдавать.

- Иди, иди. Хоть и распустили свои длинные волосы, но откуда у вас могут быть мысли в голове. Э, нынешняя молодежь...

Найдя пристанище под зонтом, как под кровом юрты, стал внимательно наблюдать за ней. Возраст ее неразличим вовсе. Лишь кожа лица утончена, но толстые ягодицы с каждой поступью тупелек на шпильках, вонзающихся в землю, отдаются дрожью, словно круп резвой лошади.

- В Ганюшкино дома дорого стоят? Глаза женщины высекают искры, словно огниво. Хватая за душу, то возгораются, то гаснут.

- Наверное, так.



– Е, әншейін көп бозымның бірі екенсің, қайным.

– Солай шығар...

– Қатарыма келмей, ана сасай бұқамен сырласа кеткеніңнен байқағам.

– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір!

– Мына шал көк шатырлы үйім бар дейді. Пұлдап сатсақ... Қайтамыз.

– Отағасы ойда жоқта жас иісті болдым деп мазаттанып келеді.

– Басындағы көлеңкені көпсініп келесің бе? Бай таба алмай соқаға отырып жүргенім шамалы. Секемшіл аттың сауыры тағы да дір-дір етті.

– Есте қалған бір жайтты айтыңызшы... Ұмытылмастай боп... – деді Мыңжылқы өзінің әбестеу қылығына ұялыс танытып. – Жадымда жүрсін, жеңеше.

– Есімде не қалып жарытты дейсің? Таң алды көрген түстей қызығы тарап кетті. Күмірә боп күлдік... Күрсініс аттық... Бақсам, өмір дегенің, міне, мынау екен. Көрдің бе?.. – Сол қолдың балаң үйрегі мен орган терегінің арасынан қызыл тырнақ қылтиды. – Бақ деп, сор деп ат тағып әшекейлеп жүргендерің...

– По-оф! Пу-ух!

Жігіт ұртын осыртты ма әлде шытыр жеген түйедей көптен ішін кернеген бір жел жол тауып шығып кетті ме – елемей қалды.

– Жарайды. Жүрегім езіліп жылағаным бар. Бір-ақ рет. Соны тыңда, қайным, – деді келіншек екпінін сәл-пәл баяулатып.

– Бердім құлақты.

– Жол бойына өскен көк шөп құсап қылтиып бойжеткен шағым. Базар шығып кеткен әкем жарықтық Астраханнан көйлектік көк жолақ мата әкеп берді. Қасқалдақтың қанындай зәру еді. Өй-

- Да ты, шурина, оказывается, один из бесполовых...

- Наверное, так.

- Сразу заметила по тому, как ты, вместо того, чтобы быть со мной рядом, предпочел беседу с этим дряхлым быком.

- Иа, Алла, хорошо хоть это знаешь.

- Этот старик рассказывал, что у него есть дом с зеленой крышей. Если выгодно продать... Уедем.

- Старец с гордостью и надеждой радуется, что нашел себе молодую спутницу жизни...

- Что, считаешь лишней тень над своей головой? Не думай, что не найдя себе мужа, я садилась на кол. Круп резвой лошадки снова задрожал.

- Расскажите что-нибудь интересное из своей жизни... Что-то незабываемое, чтобы осталось в памяти, тетушка, – попросил Мынжылқы, явно демонстрируя стыд от своего промаха.

- Осталось ли что-либо важное в моей памяти? Все рассеялось, как интересные видения в предутреннем сне. Смеялись, звеня, словно колокольчик. Грустили и тосковали... Гляжу, жизнь-то, вот она, вот. Видишь? Между указательным и средним пальцем высунулся красный ноготь. – Счастье, говорите, беда, красуетесь, вот оно всё!

- Пу-ух! По-оф!

То ли джигит издал полостью рта этот звук, то ли нашел себе путь к выходу воздух, переполнивший живот, как у верблюда, наевшегося бурачка, не заметила.

- Ладно. Плакала однажды, разрывая сердце. Только один раз. Послушай про это, шурина, – сказала женщина, переводя дыхание.

- Я весь внимание.

- Было это в пору моей юности, когда я уже выросла, как трава на обочине дороги. Покойный отец мой, поехав на базар в Астрахань, привез мне голубой отрез на платье. Отрез нужен был мне поза-



ткені ондай матадан көйлек кию мода болатын...

– Сосын?..

– Оңды пішетін шебер таптырмай... Әлгі матаның шетіне қызыл жіппен әдемілеп «Әлиман» деп атымды жазып қойдым.

– Сосын?..

– Сосының бар болсын! Қыдырып құдағиымыз келіп, шешем әлгі әспеттеп отырған матамды ки-гізді де жіберді.

– Сонда жыладыңыз ба?

– Жоқ. Араға кө-өп жыл салып сол мата өзіме қай-та оралғанда...

– Апыр-ай, ә?

– Иә. Сонау оңтүстік өңірге зәуімен бара қалғам. Бір жегжат көйлек тіктіріп киерсіз деп көк жолақ матаны қолыма ұстата салды.

Әлдене есіме түсіп, екі шетінен ұстап, ортасынан тістеп бүктеуін жазып кеп жібердім. Шетінде түсі өңіп кеткен «Әлиман» деген әдіптелген жазу тұр-ды.

Құса боп қоймай жыладым... Қолдан-қолға өткен ол мата да модадан әлдеқашан қалған... Мына мен де...

Қашса да құтылмасын білді-ау деймін, сағыммен қыдырып көшіп тұрған Қанішкеннің үйлері табанымен жер басып қалыпты. Жасыл теректер санап алардай боп самсап тұр.

Сыптығыр қара қаншық бұлардың алдын орап, су-маң етіп айдау жолға шыға келді. Артынан ерген жеті-сегіз төбет өзара алқымдасып, әлгі ұрғашы-сы түскірді бөлісе алмай жатты.

– Өй, көргенсіз... Бұларда кезек деген жоқ-ау. Келіншектің көзі шақпақ тастай жылтыл қағады. Жаныңды баурап, жанып-өшеді. Сондарынан ентіккен дауыс үзік-созық боп қуа-лайды.



рез, как кровь лысухи, поскольку в то время была мода на платья из такого материала...

- Потом...

- Не нашлось хорошего портного... На краешке этого материала красной нитью старательно вы-шила свое имя: «Алиман».

- Потом...

- Что ты заладил «потом» да «потом»! Приехала наша сватья в гости, мать моя взяла, да отдала хранимый мною отрез в качестве подарка ей.

- Тогда и заплакали?

- Нет. Когда через несколько лет этот материал снова возвратился ко мне.

- Вот это да!

- Да. Как-то, с какой-то оказией побывала в Юж-ном Казахстане. Один из ухажеров всучил мне в руки этот отрез, чтобы я могла сшить себе платье.

Вспомнив про предшествующий случай, взяла его за два конца, разорвав обертку зубами, разверну-ла этот отрез. На краешке красовалась выцветшая надпись «Алиман».

От грустных воспоминаний безудержно заплака-ла... И этот материал, пройдясь по рукам, давно уже вышел из моды... Я сама тоже...

Видать, убедившись, что как бы ни убежать, все равно не убежать, дома Ганюшкино, плившие до этого в мареве, встали на ноги. Зеленые деревья росли так густо, что хотелось их пересчитать.

Крепко сбитая черная сука, перебежав им дорогу, выскочила на проезжую часть дороги. Рыскавшие за ней семь-восемь самцов, словно соревнуясь между собой, не могли поделить ее.

- Вот, бестолковые... Кажется, они понятия не имеют об очереди. Глаза моложавой женщины, как огниво, высекали искры. Охватывая душу, то возгораются, то гаснут. Запыхавшийся голос сза-ди сначала протяжно, а затем обрывисто догоняет их.



– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір!

Шөп буыны катып, құс балапаны түбітін тараған шақ-ты.

Десе де, салқар далада көшкен сағымның сиқыры әлі бір басылар емес.

- Да, слава Аллаху, хорошо, что хоть это знаешь.

Время укрепления корней трав, сбрасывания птенцами пухового покрова.

Тем не менее, тайна кочующих миражей на равнине не исчезает.

